

# ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 217 (9279) | 1953 жылғы 28 октябрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Коммунистік партияның ұрандары

Советтік Отанымыздың барлық еңбекшілері, сол сияқты, дүние жүзінің бүкіл прогрестілі адам баласы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесіне әзірленуде. Совет адамдары өздерінің ежелгі дәстүрі бойынша Октябрдің даңқты мерекесіне лайықты өндірістік тартулар әзірлеу үшін бейбіт еңбек майданында еңбек қарқынын барған сайын арттыра түсуде.

Совет халқы Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығына арнаған ұрандарын асқан зор жігермен қарсы алды. Туысқан Коммунистік партиямыздың бұл ұрандарында еліміздің, партиямыз бен үкметіміздің данышпандық ішкі және сыртқы саясаттары айқын бейнеленген.

Еліміздің барлық еңбекшілері, бүкіл прогрестілі адамзат коммунистердің ұлы партиясының:

— **Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесіне жасаңыз!**  
— деген айбынды ұранына бірауыздан үн қосы.

Бұдан 36 жыл бұрын Ресейде бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жеткен Ұлы Октябрь социалистік революциясы помещиктер мен капиталистердің әкметін құлатып, дүние жүзіндегі ең ірі капиталистік елдердің бірінде пролетариат диктатурасын орнатты. Сөйтіп, бұдан 36 жыл бұрын Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде Ресейде адамзат тарихында жаңа дәуір — капитализмнің талқандалып, социализмнің салтанат құру дәуірі басталды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, пролетариат диктатурасы орнатылу нәтижесінде елімізде капитализм және адамды адамның қанауы жойылды, социалистік қоғам құрылды. Көзір совет халқы Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен социализмнен коммунизмге қарай бірте-бірте өтуде.

Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен елімізде жүзеге асқан Октябрь революциясының жеңістері және совет халқының 36 жыл ішінде қол жеткен ұлы табыстары бүкіл дүние жүзінің бостандық сүйгіш адам баласына үлгі болып отыр.

Елімізде совет өкметі ораған күннен бастап ол тыңбастан бейбітшілік саясаты жүргізіп келеді. Біздің социалистік мемлекетіміз бүкіл дүние жүзіндегі бей-

Албанияның, Корея Халық-Демократиялық Республикасының, Монғол Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері бейбітшілік жолында және халықтардың хауіпсіздігі жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі демократиялық лагеріндегі елдермен туысқандық достықты және ынтымақтастықты нығайта беру саясатын жүзеге асыруда.

— **Халық шаруашылығын онан әрі еркендетіп, халықтың материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыру жолында, социалистік қоғам орнату жолында айдағыдай күресіп жатқан халықтың демократия елдерінің еңбекшілеріне туысқандық сәлем!**

**Халықтық-демократия елдері мен Совет Одағының мызғымас достығы, ынтымағы көп жасап, нығая берсін!**

Совет халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық даңқты мерекесін саяси және өндірістік зор өрлеу жағдайында қарсы алмағы отыр. Еліміздің еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ССРО Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысымен жігерленіп, өздерінің еңбектегі және саяси белсенділіктері барған сайын арттыра түсуде.

Еліміздің жұмысшыларының, колхозшы шаруалары мен қызметшілерінің барлық жігер-қайраты және қажырлы еңбегі Коммунистік партия мен Совет Үкметінің совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсарту беру жөнінде жасап отырған қамқорлығы да айқын бейнеленген.

— **Совет Стағының еңбекшілері! Партия мен Үкметтің жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, біздің бүкіл халқымыздың тұрмыс дәрежесін кейлініше арттыруға бағытталған саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етіңіз! Халық тұтынатын товарлардың өндірісін жедел арттырайық!**

Партия мен үкметіміз халықтың әл-ауқат дәрежесін жақсарту түсудің басты шарты — социалистік ауыл шаруашылығын

## ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

### Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы

Халықтың халық тұтынатын барлық товарлармен қамтамасыз етілуін мықтап арттыру және жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсарту жөніндегі шұғыл міндетті орындауға товар айналымын барынша өрістетудің және мемлекеттік кооперативтік, колхоздық сауданы ұйымдастыру ісін жақсартудың бұрынғыдан да зор маңызы бар.

Социализм тұсында сауда социалистік қоғам мүшелерінің арасында тұтыну заттарын бөлудің негізгі формасы болып табылады және ұзақ уақыт бойы негізгі формасы болып қалады, осы арқылы еңбекшілердің жеке басының өсіп отырған тілектері қанағаттандырылып отырады.

Көзіргі уақыттағы міндет — совет саудасын өркендету ісін мықтап алға бастыру және таяудағы 2—3 жылдың ішінде әрбір қала мен әрбір селолық ауданда халыққа керекті барлық товарлардың үздіксіз сатылуын қамтамасыз ету, сатып, алушыларды қамту ісін едәуір жақсарту, тұтынушылардың үздіксіз өсіп отырған тілектерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету, көзіргі замандық, техника жағынан жабықталған сауда кәсіпорындарын көп ашу және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндіретін барған сайын саны артып келебейп отырған тұтыну заттарын тұтынушыға тез жеткізуді ұйымдастыру болып табылады.

Біздің елімізде товар айналымы үздіксіз өсіп отырғанда халықтың бірсыпыра товарларын керексізін әлі де болса толық қанағаттандырылмай отыр. Сауданы ұйымдастыруда сауданы онан әрі өркендетуге және халықты қамту ісін жақсартуға келерлі болатын ірі кемшіліктер бар.

Сауда ұйымдары халықтың керексізін нашар зерттейді және товарларды бөлу, тасып жеткізуде елеулі қателерге жол беріп отыр. Бірқатар аудандарда халыққа керекті барлық товарлар саудасы осы уақытқа дейін жолға қойылмаған. Жеткілікті мөлшерде бар товарлардың саудасында үзілістер болауға жол беріледі.

Сауда ұйымдарының халыққа керекті товарлар шығаруды молайту және сапасын жақсарту ісінде өнеркәсіпке ықпал етуі нашар және олар сауда орындарына өнеркәсіп беретін товарлардың сапасының жеткілікті күрес жүргізбейті

Мемлекеттік және кооператив сауда қызметкерлері! Совет саудасын барынша өрістетіңдер, қалада және деревняда азық-түлік және өнеркәсіп товарларының саудасын жақсартыңдар, магазиндер мен қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын ұлғайтыңдар! Товар айналымының жоспарын толық және асыра орындаңдар! Советтік тұтынушыларға мәдениетті қызмет етіңдер!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрьдің 36 жылдығына арнаған ұрандарынан).

сауда және тоназытқыш құрал-жабдықпен, құрал-сайманмен нашар жабдықталған және олардың қарамағында товарларды сақтау үшін, ішінара сөритәу үшін және өз товарлармен сауда орындарын жоспарлы түрде жабықтап отыру үшін керекті складтары жоқ. Складтарда жүк тиеу—жүк түсіру жұмыстары және басқа еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылмаған.

Қоғамдық тамақтандыру ісінің ұйымдастырылуы халықтың өсіп отырған тілектерінен артта қалып келеді. Бірешыра қалаларда, аудан орталықтарында, жұмысшы поселкелерінде асханалар, шайханалар, салқын тамақханалар және қоғамдық тамақтандырудың басқа да кәсіпорындары жеткіліксіз. Көптеген қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында тамақ ішу-ге келушілерді қамтуды жақсартуға қамқорлық нашар, олар ас ішу және салқын тамақ алу үшін көп уақыт жұмысқа мәжбүр болады. Астың асортименті көбінесе бірдей болып шығады және әзірленетін тамақтың сапасы төмен. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының технологиялық және тоназытқыш құрал-жабдықпен, ал бірешыра ретте жақсы ыдыспен және асхана аспаптарымен жабдықталуы қанағаттанғысыз.

Селодағы сауда колхоздар мен колхозшылардың тарапынан онан қойылып отырған көтеріңкі талаптардан едәуір артта қалып келеді. Селолық жерде күнбе-күн керек болатын товарлардың, сол сияқты шаруашылыққа жұмсалатын товарлардың: ағаштың, кірпіштің, черешіңаның және басқаларының сатылуы қанағаттанарлық ұйымдастырылмаған.

Көп аудан орталықтарында тұтынушылар кооперациясының универсалды мағазиндері жоқ. Турақты сауда орындары жоқ шағын селолар мен деревнялардың халқының қамтылуы нашар.

Тұтынушылар кооперациясы ұйымдарының жарнашыларды кооперативтердің жұмысына белсене қатыстыруы және сауданы бақылауға тартуы жеткіліксіз.

Колхоз саудасын өрістетуде ірі кемшіліктер бар. Колхоздар мен колхозшыларда қалатын артық ауылшаруашылық өнімдерін, қала халқы мұқтаж болып отырған өнімдерді сатып алу ісін ұйымдастыруды нашар.

мен асортименті жөнінде сауда орындары қойтын талаптардың орындалуын және товар жеткізудің негізгі шарттарының сақталуын бақылау үшін арнаулы қаралығы және жұмыс тәжірибесі бар мамандығы жоғары қызметкерлер арасынан товарлардың сапасы мен асортименті жөнінде инспекторлар болатын болсын;

г) атап, кім және аяққийм саудасының Жоғарғы басқармалары жанында асортимент кабинеттері ұйымдастырылсын, бұл кабинеттерге өнеркәсіп шығаратын товарлардың асортиментін зерттеу, халықтың тілегіне сәйкес товарлардың сапасы мен асортиментін жақсарту және жаңа бұйымдарды насихаттау жөнінде ұсыныстар әзірлеу міндеті жүктелсін;

д) өнеркәсіп пен азық-түлік товарларын бөлудің 1954 жылғы жоспарының жобасында Министрліктер көтерген сауда, товар жөнелту және сауда базаларында бөлшек сауда жүйелерін товардың толық асортиментімен ұдайы жабдықтауды қамтамасыз ететін матанып, кімнің, аяққиймнің және басқа өнеркәсіп, сондай-ақ азық-түлік товарларының нормативті ауыспалы заңдарын жасау көзделсін.

4. Базарға арналған товарларға берілетін зақаздарға шек қоюдан (лимит белгілеудің) көзіргі практикасы көптеген жағдайда өнеркәсіптің сауда ұйымдарына халықтың тілегіне сай келмейтін товарларды тықшалауына, товарлардың көп артылып қалуына әкеліп соқтырып, халықтың тілегін неғұрлым жақсы қанағаттандыру міндеттерін шешуде кедергі жасайтындықтан, ССРО Сауда министрлігі мен Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына сауда ұйымдарының өнеркәсіпке зақаздар беруінің көзіргі тәртібіне қажетті өзгерістер енгізу міндеттелсін.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті, министрліктер мен ведомстволар халық тұтынатын товарлар өндіру жоспарларын жасағанда товарлардың ташы түрлері мен сорттарын көп өндіруді, сөйтіп сауда ұйымдарының зақаз беруіне шек қойылуын жоюды көздейтін болсын.

Сауда ұйымдарына зақаздарға сәйкес товарлар жеткізілуін қатаң бақылап, зақаз берілген асортиментке жатпайтын және халық пайдаланбайтын товарларды қабылдамау міндеттелсін.

Кәсіпорындардың директорлары мен ка-

жеткізу ісін бақылауды Министрдің бірінші орынбасарына жүктеу міндеттелсін.

9. ССРО Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігіне және басқа өнеркәсіп министрліктеріне 1954 жылғы 1 январьға дейін ССРО Сауда министрлігі мен Орталық тұтынушылар кооперациясының одағын қатыстыра отырып, өнеркәсіп товарларын буып-түюдің және таңбалаудың көзіргі талаптарына сай келмейтін ГОСТ-тар (Мемлекеттік Жалпыодақтық Стандарт) мен техникалық шарттарды қайта қарау міндеттелсін, бұл істі мықтап жақсарту еске алынсын, сөйтіп бұл жөніндегі өздерінің ұсыныстарын ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитетіне тапсыратын болсын.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті бір ай мерзім ішінде ССРО Министрлер Советіне Үкметтің шешуін көрек елетін тапсырылған ұсыныстар бойынша қорытынды беретін болсын.

10. ССРО Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігіне, Металлургия өнеркәсіп министрлігіне, Машина жасау министрлігіне, Транспорттық және ауыр машиналар жасау министрлігіне, Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігіне, Қорғалыс өнеркәсіп министрлігіне, Авиация өнеркәсіп министрлігіне, Химия өнеркәсіп министрлігіне, РСФСР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігіне, Орталық кәсіпшілік кооперациясының Советіне көпшілік тұтынатын товарлардың қаталогтары мен альбомдарын 1954 жылғы 1 январьға дейін әзірлеп, сауда ұйымдарының тілегін қамтамасыз ететін мөлшерде 1954 жылдың бірінші жартысында басып шығару міндеттелсін.

11. ССРО Сауда министрлігіне, Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына және сауда жүйелері бар министрліктерге өткен жылдарда шығарылып, үлгілері мен модельдері ескіріп, сауда ұйымдарында жыйналып қалған товарларды толық ес-туға және қайта өңдеуге шаралар қолдану, 1953 жылғы сауда ұйымдарының пайдасынан бөлінетін үлесі азайту есебінен, ал тұтынушылар кооперациясының пайдасы есебінен, жалпы сомасы 600 миллион сомға дейін, оның ішінде мемлекеттік



регі және мызғымас қамалы болып отыр. СОКН Орталық Комитетінің Октябр мерекесі қарсаңындағы мына ұрандарында біздің социалистік мемлекетіміздің бейбітшілік саясаты айқын сипатталады:

— Бейбітшілік жолында, демократия жолында, социализм жолында күресіп жатқан барлық халықтарға туысқандық сәлем!

— Халықтар арасында бейбітшілік жасасын!

Мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолмен шешілуге болмайтындай даулы немесе шешілмес мәселе жоқ!

— Барлық елдердің еңбекшілері! Халықаралық шиеленісті босөңсіту жолындағы, бейбітшілік жолындағы, дүниежүзілік жаңа сәтасуға тырысатын агрессивті күштерге қарсы күресте халықтардың бірлігін нығайтыңдар! Бейбітшілікті қамтаушылардың қатарын көбейтіп, топтастыра беріңдер!

Совет халқы бейбітшілік жолындағы күрескерлердің ең алдығы сапында келеді. Ұлы совет халқымен бірге ұлы қытай халқы, Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның,

деп саяси-еліміздің ауыл шаруашылығын барлық салаларын шұғыл өркендету міндетін қойып отыр.

— Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын жаңадан мықтап өркендету жолында күресіндер, сөйтіп, таяудағы екі-үш жылдың ішінде еліміздің барлық халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі есіп отырған тілегін келіпте қамқаттандыратын болайық, жөніл және тамақ өнеркәсібін шикі затпен қамтамасыз етейік!

Бүкіл еліміздің ауыл шаруашылығының еңбекшілерімен бірге, біздің облысымыздың қолхозшылары, МТС, совхоз қызметкерлері партиямыздың шақыруына ішпен жауап беру жолында күресуде.

Бүкіл совет адамдары сияқты, біздің облысымыздың еңбекшілерінің де өздерінің қажырлы еңбектерімен Коммунистік партияның шақыруына лайықты жауап беретіндігі сөзсіз.

— Еліміздің халықтарының достығы мен бауырлық берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — Ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

## МОЙЫНТЫ—ШУ ЖОЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Құрылысшылар митингісі

Мойынты — Шу жаңа темір жолындағы Шығанақ станциясы вокзалының үйі алдындағы алаң бүгін мерекелік түрге енген. Жолды тұрақты пайдалануға беруге арналған митингке Бетпақдала шөлінің қатаң жағдайларында болат жолдарды салған құрылысшылар, пайдаланушылар жыйналды.

Құрылыстың саяси бөлімінің бастығы Игнатов жолдас митингті ашық деп жариялады. Совет Одағының және Қазақ ССР-нің Мемлекеттік гимндерінің салтанатты үні естіледі.

Жолды қабылдау жөніндегі үкімет комиссиясының председатели Кучеренко жолдасқа сөз берілді. Ол партиямыз бен үкіметіміздің Қарағанды көмір бассейнін Сибирь мен Уралды Орта Азия республикаларымен ең қысқа транспорт жолымен байланыстыруды қамтамасыз ететін Мойынты — Шу жаңа темір жолын тұрақты пайдалануға беру жөніндегі жауынгерлік тапсырмасын орындағаны үшін құрылысшылар коллективін құттықтады.

— Үкімет комиссиясы, — деді Кучеренко жолдас, — темір жолдарды, барлық өндірістік-техникалық қызмет, азаматтық құрылыстарды қарап шығып, бірауыздан жаңа жол тұрақты пайдалануға жоғары бағамен қабылданылсын деген қорытындыға келді.

Бұдан кейін құрылыс бастығы Мелюшин жолдас, Алматы облысының Алматы ауданындағы «Красный трудовик» ауылшаруашылық артелінің қолхозшысы Махмуд Шарахметов жолдас сөз сөйледі.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Шаяхметов жолдасқа сөз берілді. Ол жұмыстарды ойдағыдай аяқтағаны үшін құрылысшыларды құттықтап, Түрксиб пен Қарағанды жолын біртұтас қазақстандық транспорт магистраліне біріктірген жаңа жолдың халық шаруашылығының зор маңызы бар екендігін атап өтті.

Шаяхметов жолдас Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика үкіметі атынан құрылысшыларға алғыс айтып, пайдаланушылардың жолдың қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндігіне сенім білдірді.

Митингі аяқталды. Жұрттың бәрі перронға шықты. Темір жолдың үстінде көлденең биік қақпа тұр. Шаяхметов жолдас алқызыл лентаны кесіп, Қарағанды шахтерлерінің Қазақстан астанасының еңбекшілеріне арнаған сыйы — көмір маршрутына жол ашты. Бұл маршрутқа қарсы Солтүстікке қарай өнеркәсіп және азық-түлік товарлары тиелген шелон жылжып келеді — Мойынты — Шу жолы тұрақты пайдалануға берілді.

1953 жылғы 25 октябрь. (ҚазТАГ).

Совет саудасын өркендетуде кенет өрлеуді қамтамасыз етуді еске ала отырып, СССР Одағы Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитеті қаулы етті:

## Товар айналымын онан әрі өркендету және сауда ұйымдастыруды жақсарту туралы

1. 1953 жылғы мемлекеттік және кооперативтік сауданың белшек сауда айналымын бес жылдық жоспар бойынша 1950 жылғымен салыстырғанда 70 процент артылып көзделген 70 проценттен астам артырылсын, яғни бесжылдық бағаулы жоспардың асырын орындайсың; 1953 жылғымен салыстырғанда сауда айналымының 1950 жылғымен салыстырғанда, шамамен екі есе артуы қамтамасыз етілсін.

Бесжылдық жоспар бойынша 1953 жылға арналып белгіленген өсуі	1953 жылға арналған жаңа тапсырма
90 процент	2,3 есе
70 процент	2,1 »
70 процент	1,9 »
2 есе	2,2 »
2 есе	2,6 »
2 есе	2,3 »
2 есе	2,4 »
80 процент	2,4 »
70 процент	1,8 »

Ет өнімдері  
Балық  
Мал өнімдері  
Сыр  
Әсімі  
Қант  
Жүзім  
Кім  
Мата  
Сонымен қатар мат., ұйым.  
Шұлы  
Трико  
Мебель  
Металл  
Велосипедтер  
Тігін машиналары  
Радиолар  
Сағат  
Сонымен қатар азық-түлік, кір жуу машиналары, ұсақсорттықтар бірнеше есе

1956 жылғы арналып белгіленген негізгі азық-түлік және өнеркәсіп товарларының рынок айналымын 1950 жылғымен салыстырғанда шамамен, мына мөлшерде:

Ет өнімдері	2,6 есе
Балық	2,3 есе
Мал өнімдері	2,1 есе
Сыр	2,8 есе
Әсімі	2,4 есе
Қант	2 есе
Мата	2 есе
Аяқ киім	5,9 есе
Тігін машиналары	6 есе
Велосипедтер	5,3 есе
Радиолар	4,8 есе
Мебель	4,8 есе

3. СССР Одағының Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитеті қаулы етті: а) халықтың өмір сүруі және барлық жағынан дамуы үшін өнеркәсіпке тапсырылатын азық-түлік және тұрмыс ерекшеліктеріне қарай ала отырып, товар қорларын өнеркәсіп және елдің аудандарына жеткізу мен олардың халықтың керексізін қамтамасыз етуін.

б) қысқартылған кезінде, шамамен екі есе артуы қамтамасыз етілсін.

2. 1954 және 1955 жылдары халыққа азық-түлік өнеркәсіп товарларының сапалы едәуір арттырылсын және 1955 жылғы бесжылдық жоспар бойынша белгіленген тапсырманы үстінде, товарлардың рынок қорларының 1950 жылғымен салыстырғанда шамамен мына мөлшерде өсуі көзделсін:

Бесжылдық жоспар бойынша 1953 жылға арналып белгіленген өсуі	1953 жылға арналған жаңа тапсырма
90 процент	2,3 есе
70 процент	2,1 »
70 процент	1,9 »
2 есе	2,2 »
2 есе	2,6 »
2 есе	2,3 »
2 есе	2,4 »
80 процент	2,4 »
70 процент	1,8 »
2 есе	2,4 »
2,2 есе	2,2 »
3 есе	2,7 »
2,5 есе	4,0 »
3,5 есе	4,9 »
2,4 есе	5,5 »
2 есе	5,1 »
2,2 есе	4,4 »
4,7 »	2,6 »

нұн зерттеу үшін барлық негізгі сауда ұйымдарының — елдің әртүрлі аудандарындағы көтерме сауда және белшек сауда орындарының, ірі магазиндердің, көтерме базалардың мүмкіншіліктері, сауда ұйымдарының товар жеткізу жөніндегі мәліметтері, халықтың керексізін өзгергенін есепке алу жөнінде корреспондент орындарының мәліметтері, сол сияқты сауда ұйымдары өткізетін сатып алушылар конференцияларында азаматтардың жасаған ұсыныстары пайдаланылсын;

б) халықтың тілегін зерттеу негізінде, халық тұтынатын товарлар өндіретін өнеркәсіптермен бірлесе отырып, базарға шығарылатын товарлардың ассортименті өткізін-өкпін қайта қаралып, өндіріс жоспарларына белгіленген тәртіппен қажетті өзгерістер енгізілсін, сөйтіп халық пайдаланбайтын товарлар өндірістен алынып, товарлардың жақсы үлгілерімен ауыстырылсын;

в) көтерме сауда ісі және көтерме сауда базаларының жұмыс мықтап жақсартылсын, өнеркәсіптен қайтылатын товарлардың сапасына олардың жауапкершілігі арттырылсын; өнеркәсіп орындарының сауда ұйымдары заказдарын орындауын, өнеркәсіп товарларының сапасы

шорындардың товар өткізу бөлімдерінің бастықтарына сауда ұйымдарының заказдарына сәйкес белгіленген ассортимент бойынша және жоғары сапалы товарларды сауда ұйымдарына өзгертілген және толық жеткізу ісін қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолданып отыру міндеттелсін.

5. Товар жеткізудің кәзіргі негізгі шарттары товардың сапасы жолындағы күресті күшейту міндетіне сай келмейтін болғандықтан, СССР Сауда министрлігі мен Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына бір ай мерзім ішінде товар жеткізетін министрліктермен бірлесе отырып, товар жеткізудің негізгі жаңа шарттарын белгіленген тәртіппен қайта белгілеу бекіту, бұл шарттарда товардың сапасына, ассортиментіне, оны жеткізу мерзімдеріне товар жеткізушілер мен сауда ұйымдарының жауапкершілігін арттыруды көздеу міндеттелсін.

6. СССР Сауда министрлігіне, фабрикада тігілген киімдер сатумен қатар, сауда ұйымдарының атөлшелері мен мастерскойларында халықтың жеке заказдары бойынша атөлшенің материалдарынан және заказ берушілердің материалдарынан жоғары сапалы киімдер тігуді және сауды ұйымдастыру міндеттелсін. Осыған байланысты СССР Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігіне жеке заказбен киім тігетін атөлшелер мен жеке заказбен киім тігетін мастерскойлардың кәзіргі жұмысін 1954 жылғы 1 январьдан бастап СССР Сауда министрлігіне беру міндеттелсін.

Одақтас республикалардың Министрлер Советтеріне, Орталық көпшілік кооперациясының Советі мен Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына жергілікті өнеркәсіптің, көпшілік және тұтынушылар кооперациясының кәсіпорындарында азаматтардың заказдары бойынша жеке адамдарға киімдер тігу ісін ұлғайту, сөйтіп бұл істі мықтап жақсарту міндеттелсін.

7. Бітап саудасын онан әрі өркендету мақсатымен СССР Мәдениет министрлігіне 1954—1955 жылдары еліміздің барлық аудан орталықтарында кітап магазиндерін ашып, қалалар мен жұмысшы поселкелерінде кітап магазиндерінің санын көбейту міндеттелсін.

Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына селолық жерлерде кітап сатулы 1955 жылы 1953 жылғыдан 2 есе арттыру міндеттелсін.

8. Машина жасау министрлігінің, Транспорттық және ауыр машиналар жасау министрлігінің, Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігінің, Қорғаныс өнеркәсіп министрлігінің, Авиация өнеркәсіп министрлігінің, Химия өнеркәсіп министрлігінің, СССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің, СССР Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігінің көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін жоспарлау үшін және осы товарлардың тиісті сапасы мен ассортименті бойынша, базардың талаптарына сәйкес сауда ұйымдарына жеткізілуін бақылауды қамтамасыз ету үшін орталық аппараттың құрамында дербес басқармалар немесе бөлімдер құруына право берілсін.

Жоғарыда аталған Министрліктердің министрлеріне көпшілік тұтынатын товарларды өндіру және сауда ұйымдарына

сауда ұйымдары бойынша—400 миллион сом, тұтынушылар кооперациясы бойынша—200 миллион сом азайту есебінен 1953 жылдың IV тоқсанында осы товарларды орта есеппен 30 процентке дейін арзандату міндеттелсін.

ССРО Сауда министрлігі 1953 жылғы октябрде, СССР Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігінен қабылданған, бірнеше жылдар бойы жыйналып жатқан товарларды (аяқ киім, тігуді бұйымдар, былғары-талантерья және басқалары) 1953 жылғы СССР Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігінің пайдасынан бөлінетін үлесті азайту есебінен жалпы сомасы 90 миллион сом арзандататын болсын.

ССРО Сауда министрлігіне СССР Финанс министрлігімен бірлесе отырып, 7 күндік мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген товарларды арзандату тәртібін белгілеу тапсырылсын.

12. СССР Сауда министрлігіне және өз қарамағында көпшілік тамақтанатын кәсіпорындары бар басқа министрліктер мен ведомстволарға мыналар міндеттелсін: елімізде қоғамдық тамақтандыру ісін барынша күшейту және жақсарту шаралары ітелсін, таяудағы екі-үш жыл ішінде жақсы жабықталған асханалардың, ресторандардың, салқын тамақханалардың, шайханалардың, буфеттердің саны едәуір көбейтілуі қамтамасыз етілсін, сол сияқты әзірленетін тағамдардың сапасы жақсартылып ассортименті көбейтілсін және тұтынушыларды қамту мәдениеті арттырылсын;

тамақ әзірлеу процестерін кеңінен механикаландыру, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жартылай фабрикалармен жабықтау үшін дайындау —асханаларын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін, ірі қалаларда тұтынушыларды шапшаң және мәдениетті қамту үшін салқын тамақханалар, қоғамдық тамақтандырудың басқа да кәсіпорындары едәуір көбейтілсін.

13. Халықты тамақтандыру мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмысын жақсарту мақсатымен СССР Сауда министрлігі 1954 жылы Москва қаласында Сауда және қоғамдық тамақтандыру ғылыми-зерттеу институтын, сол сияқты Киев қаласында оның филиалын СССР Сауда министрлігі қызметкерлерінің жалпы саны есебінен нығайтып, кеңейтуге міндеттелсін.

14. СССР Сауда министрлігіне, Орталық Тұтынушылар одағына және сауда орындары бар министрліктерге айналым шығындарын төмендету еткізіп, сонымен қабат халықты қамтуды жақсарту шараларын істеу міндеттелсін, оны мына жолмен ітелсін:

үнем тәртібі күшейтілсін, шаруашылық есеп нығайтылсын, өкімшілік-басқару шығындары, товарлар мен ыдыстардың ысырабы азайтылсын, сол сияқты көмекші қызметкерлер саны кемітілсін;

еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылсын, бұйым-түйілген товарларды сату едәуір ұлғайтылсын, транспорт дұрыс пайдаланылсын және автомобиль-көлік тасымалы арзандатылсын;

кәсіпорындар мен шығару базаларынан товарларды тікелей ірі магазиндерге және сауда ұйымдарының базаларына тете жөнелту ұлғайтылсын.



# ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

15. Машина жасау өнеркәсіп министрлігіне бір ай мерзімнің ішінде ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігімен, ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігімен және ССРО Сауда министрлігімен бірге ССРО Министрлер Советіне машина жасау заводтарында ет өнімдерін, балық товарларын, мал майын, шірді және басқа товарларды тасымалдау үшін арнаулы автотранспорт құралдарын жасап шығару туралы ұсыныстар тапсыру міндеттелсін.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті 1954 жылға арналған материалдық-техникалық жабдықтау жоспарында жоғарыда аталған товарларды тасымалдау үшін керекті мөлшерде автомобильдер және оларды арнаулы кузовалармен жабдықтауға керекті принциптер бөлін шығарылуын көздейтін болсын.

16. ССРО Сауда министрлігіне Мемлекеттік сауда инспекциясының сауда ережелері мүлтіксіз сақталуын, бөлшек сауда бағаларының дұрыстығын, сатып алушыларға товардың дұрыс босатылуын және сатылған товарлар үшін олармен есеп айырысудың дұрыстығын бақылау жөніндегі жұмысын жақсарту шараларын істеу міндеттелсін, сөйтіп, сатып алушылардың мүдделері қатаң сақталуын қамтамасыз ететін болсын. Кәсіподақтардың активін, дүкен және асхана комиссияларының мүшелерін, тұтынушылар кооперациясының тексеру комиссияларының мүшелерін және сауда қызметкерлерінің активін қатыстыра отырып, сауда орындарын жанпай

тексеру жұмысын жүргізу практикада кең қолданылсын.

17. ССРО Министрлер Советінің 1952 жылғы 16 январьдағы № 221 қаулысының кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарға жоспардан тыс пайданың 25 процентін уақытша финанс жәрдемін көрсетуге жұмсау және жоспардан тыс пайдадан қаражат бөлу жөнінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі жайындағы 50 және 51 пункттері ССРО Сауда министрлігінің, одақтас республикалардың сауда министрліктерінің, ССРО және одақтас республика министрліктерінің жоғарғы жұмысшы жабықтау басқармаларының ұйымдары мен кәсіпорындарына қолданылсын.

18. Мемлекеттік банк сауда ұйымдарына несие берудің кезіргі тәртібіне мынадай өзгерістер енгізу міндеттелсін:

а) пайдамен жұмыс істеуші және меншікті айналым қаражатын сақтаушы сауда ұйымдарына, оларда бұрын берілген қарыздар бойынша мерзімі өткен бересілері болған күнде, товарлардың ақысын 30 күн ішінде төлеуге несие беріп отыратын болсын;

б) сауда ұйымдарына несие бергенде талаптар бойынша дебиторлық борыш сомасына, сол сыяқты сот және арбитраж басқан сомға меншікті қаражаттың қатынасу мөлшері кемігішін отыратын болсын. Бұл арада тұтыну кооперациясының сауда ұйымдары бойынша меншікті айналым қаражатын қатыстыру мөлшерін товарлар ақысын төлеуде ол қаражаттың белгіленген минимум мөлшері сақталған жағдайда кемітуге болады.

## II.

### Сауда орындарын өркендету туралы

